



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖІКТЕУІШІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖІКТЕУІШІ
КЛАССИФИКАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

ҚР МЖ 10 - 2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖІКТЕУІШІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖІКТЕУІШІ

ҚР МЖ 10 - 2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 516 бұйрығымен БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

**3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2007 жыл
5 жыл**

4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің (Мемстандарт) рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта жаңартылуы, көбейтілуі және ресми басылым ретінде таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтама	1
4	Жалпы ережелер	2
5	Жіктеуіштің құрылымы	3
5.1	5.1 Деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктеуішінің құрылымы	3
5.2	5.2 Салалар бойынша білім беру жіктеуішінің құрылымы	4
6	Жіктеуіштің кіріспесі	4
7	Білім беру жіктеуіші	5
7.1	Деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктеуіші	5
7.2	Салалар бойынша білім беру жіктеуіші	5
	А қосымша Білім беру бағдарламаларының жіктеуіші	8
	Б қосымша Білім беру сатылары жіктеуішінің сипаттамалары мен талаптары	9
	В қосымша Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі құрылымының жіктеуішінің схемасы	16
	Г қосымша Деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктеуішінің схемасы	17
	Д қосымша Библиография	18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖІКТЕУІШІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖІКТЕУІШІ

Енгізілген күні 2004.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы Жіктеуіш Қазақстан Республикасындағы білім берудің мемлекеттік жіктеуішін белгілейді (бұдан әрі – Жіктеуіш) және білім беру процесін жүйелендіру, оның деңгейлері мен сатыларының сабақтастығы, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейлерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, білім беруді ұйымдастыру даярлығын анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін пайдаланылады.

Осы стандарттың ережелері мемлекеттік басқару органдарының және білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлеріне, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына тәуелсіз олардың қолдануы үшін міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы жіктеуіште мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

ҚР СТ 5.0-95 Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды жіктеудің және кодтаудың бірыңғай жүйесі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 5.1-95 Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды жіктеудің және кодтаудың бірыңғай жүйесі. Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттардың мемлекеттік жіктеуішін әзірлеудің тәртібі.

ҚР МК 08-2001 Қазақстан Республикасындағы жоғары кәсіби білім беруді даярлау бағыттарының және мамандықтарының жіктеуіші.

БМЖС 3.001-2000 Қазақстан Республикасындағы білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жоғары кәсіби білім. Негізгі ережелер.

3 Анықтама

Осы сыныптауышта [1], [2], ҚР СТ 5.0, ҚР СТ 5.1, ҚР МК 08, БМЖС 3.001 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Оларға қосымша осы жіктеуіште мынадай терминдер мен анықтамалар белгіленген:

3.1 Білім беру: Ұйымдасқан және коммуникациялық сабақтастыққа ие, оқыту мақсатын көздейді [3].

3.2 Оқыту: Мінез-құлықтағы, ақпараттанудағы, білім алудағы, ұғынудағы, көзқарастағы, құндылықтардағы және дағдылардағы кез-келген ілгері басушылық [3].

3.3 Коммуникация: Ақпараттарды: ойды, идеяны, білімді, стратегияны берумен байланысты бір немесе одан көп тұлғалардың арасындағы қатынастар (қызметтер).

3.4 Ұйымдасқан коммуникация: Оқу ортасын құратын және оқудың әдістері пайдаланылатын, олар арқылы коммуникация ұйымдастырылатын белгілі бір жүйелілігі бар білім беруді ұйымдастыру қызметі [3].

3.5 Коммуникациялардың сабақтастығы: Элементтері белгілі бір ұзақтық пен үздіксіздікке ие білім беру қызметі [3].

3.6 Білім беру деңгейі: Мазмұны білім беру және кәсіптік бағдарламалармен белгіленетін, оқуда алған білімнің, біліктіліктер мен дағдылардың жиынтығын сипаттайтын үздіксіз білім беру процесінің маңызды элементі.

Ресми басылым

3.7 Білім беру сатылары: Білім берудің бір деңгейінің білім беру бағдарламаларының күрделілік дәрежесі бойынша жүзеге асырылатын білім беру деңгейінің градациясы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Жіктеуіш білім беру деңгейінің коды мен сатыларын және білім беру салаларының кодтарын белгілейді:

4.2 Білім беру сыныптауышы техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды жіктеудің және кодтаудың бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4.3 Жіктеуіш:

– азаматтардың білім алуға деген конституциялық құқықтарын іске асыру үшін білім берудің барлық деңгейлерін, сатыларын және салаларын көрсететін, жіктеме бойынша қоғам үшін білім беру жүйесін құру;

– Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің нормативтік жүйесін құру;

– білім берудің түрлі аспектілері бойынша статистикалық деректерді кешенді және жүйелі түрде жинауды, өңдеуді және халықаралық дәрежеде салыстыра отырып ұсынуды қамтамасыз ету;

– озық ұлттық және халықаралық білім беру технологияларын әзірлеуге және ендіруге көмектесу;

– әлемде болып жатқан білім беру саласындағы жаңа үрдістер мен технологияларды есепке алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында жасалды.

Жіктеуіш білім беру жіктемелерінің [3], сипаттамаларының және талаптарының сатыларына орналастырылады [1].

4.4 Жіктеуіш мынадай міндеттерді шешу:

– Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін ақпараттандыруды реттеу және бірегейлеу;

– білім беру саласындағы сандық және сапалық өзгерістерді жан-жақты және ұқсас көрсетуге мүмкіндік беретін білімнің статистикалық жүйелерін жасау;

– деректердің автоматтандырылған базасын құруды қоса алғанда ақпараттарды өңдеу процестерін автоматтандырудың жағдайларын қамтамасыз ету;

– халықаралық деңгейдегі білім беру бойынша статистикалық деректердің ақпараттық үйлесімділігін қамтамасыз ету;

– білім беру жүйесінің мониторингіне арналған халықаралық деңгейдегі талаптармен тең келетін жинақтау шеңберінде білім беру бойынша статистикалық деректерді жаңғырту мүмкіндігі үшін пайдаланылады.

4.5 Жіктеуішті қолдану:

– білім беру жүйесін дамытуды болжамдауға және болашағына экономикалық және әлеуметтік негіздей отырып кешенді көзқарасты;

– білім беру саласында жаңа үрдістер мен өзгерістердің есебін;

– білім берудің халықаралық стандарттау жіктемесімен үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [3].

4.6 Жіктеуіш білім беру ұйымының дәрежесіне және оқыту нысанына тәуелсіз сабақтастығы бар, ұйымдасқан және тұрақты сипатқа ие балаларды, жастарды және ересектерді оқытудың барлық мүмкіндіктерін қамтиды.

Жіктеуіштің мақсаттары үшін білім беру [1]-де заңдармен белгіленген білім беру бағдарламаларының кең көлемін өзіне қамтиды.

4.7 Білім беру жіктеуішінің бастапқы бірлігі білім беру саласындағы алдын ала белгіленген мақсаттарға және/немесе міндеттердің нақтылы топтарына қол жеткізу үшін ұйымдастырылған білім беру бағдарламасы болып табылады.

4.8 Алдын ала белгіленген мақсаттарға қол жеткізу ресми құжатты алуға құқық

беретін немесе бұл фактіні басқа нысанда мойындайтын, белгілі бір кезеңмен аяқталатын белгілі бір құрылымдалған оқытудың өткен тәжірибесінің бар болуын көздейді.

4.9 Жіктеуіш сондай-ақ ресми білім беру жүйесінен тыс бағдарламалар: ерте жаста балаларға білім беруде отбасындағы бағдарлау; олардың ерекше қажеттіліктерін ескеру үшін білім беру бағдарламаларының мазмұны түзетілетін, ерекше талаптармен ересектерге және балаларға білім беру бойынша білім беруді қамтиды.

4.10 Жіктеуіш Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” [1], “Стандарттау туралы” заңдарына, ҚР СТ 5.0, ҚР СТ 5.1 және білім берудің халықаралық жіктемесіне сәйкес [3] жасалған.

5 Жіктеуіштің құрылымы

5.1 Деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктеуішінің құрылымы.

5.1.1 Білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде білім берудің мынадай деңгейлері белгіленеді [1]:

- 1-деңгей: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;
- 2-деңгей: орта білім беру;
- 3-деңгей: жоғары кәсіптік білім беру;
- 4-деңгей: жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім.

5.1.2 Білім беру бағдарламаларының іске асырылу түрлері бойынша жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып бөлінеді [1]. Білім беру бағдарламаларының жіктемесі А қосымшада көрсетілген.

5.1.3 Сатылардағы деңгейлердің жіктемелік белгілері:

- білім беру бағдарламаларының түрлері: жалпы білім беру бағдарламалары және кәсіптік білім беру бағдарламалары;
- жалпы білім беру бағдарламаларының түрлері: мектепке дейін, бастауыш, негізгі орта білім;
- кәсіптік бағдарламалардың түрлері: бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша іске асырылады.

5.1.4 Білім беру сатылары жіктемесінің белгілері бойынша іске асырылған:

- жалпы білім беретін бағдарламалар: негізгі және қосымша;
- орта жалпы және бастауыш кәсіптік білімнің нұсқалары;
- кәсіптік бағдарламалар: негізгі және қосымша;
- жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі білім бағдарламаларының түрлері.

Білім беру сатыларының жіктемелерінде мынадай талаптар қолданылады: түсу үшін ең аз талаптар; ең аз жас мөлшері; түсу үшін қажетті біліктілік; персоналдың біліктілігі. Білім беру сатылары жіктемелерінің талаптары мен сипаттамалары Б қосымшада келтірілген.


5.1.5 Деңгейлері және сатылары бойынша білім берудің жіктеуіші өзімен бірге иерархиялық бөлу топтарының үш мәнді кодымен үш сатылы жіктемені білдіреді.

Бірінші сатыда бір мәнді (1-ші сан) кодпен 1-ден 4-ке дейін білім деңгейі жіктелінеді.

Екінші сатыда бір мәнді (2-ші сан) кодпен 1-ден 6-ға дейін білім деңгейі жіктелінеді.

Үшінші сыныптамалық топтама бір мәнді алфавиттік кодпен – латын алфавитінің А, В, С, D әріптерімен белгіленеді.

Білім беру деңгейлері мен сатылары құрылымдарының схемасы 1-суретте келтірілген.



1-сурет – Білім беру деңгейлері мен сатыларын кодтау құрылымының схемасы

5.2 Салалар бойынша білім беру жіктеуішінің құрылымы


5.2.1 Салалар бойынша білім беру жіктемесі Білім берудің халықаралық стандарттау жіктемесінің талаптарымен үйлестірілді [3].

Салалар бойынша білім беру жіктемесіне қойылатын талаптар:

- топтарда білім беру салаларының қайталануына;
- ұқсас сипаттамалары бар білім беру салаларында енгізу есебінен топтарды кеңейтуге;
- жаңа позицияларды дамытуға енгізу үшін әр топқа білім берудің резервтік топтарын және резервтік салаларын көздеуге рұқсат етілмейді.

5.2.2 Салалар бойынша жіктеуіш 10 топтан тұрады, әр топ білім берудің 10 тобынан тұруы мүмкін [3].

5.2.3 Салалар бойынша білім беруді кодтау құрылымдарының схемасы 2-суретте келтірілген.



2-сурет – Салалар бойынша білім беруді кодтау құрылымдарының схемасы

6 Жіктеуішті жүргізу

6.1 Жіктеуішті жүргізу эталондық, қағаз және электрондық жазбаларда бақылау данасын, сыныптауыштың көшірмелерін, оларға өзгерістер енгізуді көздейді.

6.2 Жіктеуіштің эталондық данасын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүргізеді. Бақылаушы дананы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті жүргізеді. Жіктеуіштің қағаз және электрондық жазбаларының бір дубликаты Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне беріледі.

6.3 Жіктеуішке өзгерістер енгізу және оның көкейкестілігін арттыру туындаған қажеттіліктерге сәйкес жүргізіледі.

7 Білім беру жіктеуіші

7.1 Деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктеуіші

Деңгейдің коды	Деңгейдің атауы	Сатының коды	Сатының атауы	Саты градациясының коды	Саты градациясының атауы		
1	Мектеп-ке дейінгі тәрбие және оқыту	0	Мектепке дейінгі тәрбие, мектеп алдындағы даярлық	0А	Мектепке дейінгі тәрбие		
				0В	Мектеп алдындағы даярлық		
2	Орта білім	1	Бастауыш білім	1А	Бастауыш жалпы		
				1В	Қосымша жалпы		
		2	Негізгі жалпы білім	2А	Негізгі жалпы		
				2В	Қосымша жалпы		
		3	Орта жалпы және бастауыш кәсіптік білім	3А	Орта жалпы	3В	Орта жалпы және бастауыш кәсіптік білім
						3С	Орта жалпы білімсіз бастауыш кәсіптік
				3D	Қосымша кәсіптік	3D	Қосымша кәсіптік
						3D	Қосымша кәсіптік
4	Орта кәсіптік білім	4А	Орта кәсіптік білім				
		4В	Қосымша Орта кәсіптік білім				
3	Жоғары кәсіптік білім	5	Жоғары кәсіптік білім	5А	Базалық (бакалавриат)		
				5В	Арнаулы		
				5С	Ғылыми-педагогикалық (магистратура)		
				5D	Қосымша		
4	Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім	6	Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім	6А	Ассисентура-тағлымдама		
				6В	Аспирантура		
				6С	Докторантура		

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі құрылымының жіктемелік схемасының В қосымшасында, деңгейлер мен сатылар бойынша білім беру жіктемесі схемасының Г қосымшасында келтірілген.

7.2 Салалар бойынша білім беру жіктемесі

Топтың коды	Топтың атауы	Білім беру саласының коды	Білім беру саласының атауы	Білім беру бағдарламасының сипаттамасы
1	2	3	4	5
0	Жалпы бағдарламалар	01	Базалық бағдарламалар	Базалық жалпы бағдарламалар: мектепке дейінгі, бастауыш, орта және т.б.
		08	Сауаттылығы және санау дағдысы	Жәй және функционалдық сауаттылығы, санау дағдысы


		09	Жеке тұлғаны дамыту	Жеке дағдыларын, ақыл-ой қабілеттерін, өзін-өзі ұйымдастыруды, өмірлік бағдарлау бағдарламаларын дамыту
1	Білім беру	14	Мұғалімдерді даярлау және педагогикалық ғылым	Білім берудің бірінші және екінші деңгейлері үшін мұғалімдерді. Педагогикалық ғылым
2	Гуманитарлық ғылымдар және өнер	21	Өнер	Бейнелеу өнері. Атқарушылық өнер. Графикалық және аудиовизуальдық өнер. Дизайн. Кәсіп
		22	Гуманитарлық ғылымдар	Дін және теология. Шет елдер тілі және мәдениеті. Ана тілі. Басқа гуманитарлық ғылымдар
3	Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және құқық	31	Әлеуметтік ғылымдар	Экономика. Политология. Социология. Демография. Антропология (физикалық антропологияны қоспағанда). Этнология. Футурология. Психология. География (физикалық географияны қоспағанда). Бейбітшілік және дау-жанжалдар проблемаларын зерделеу. Адам құқығы
		32	Журналистика және ақпарат	Журналистика. Кітапханалық жұмыстардың техникалық және ғылыми аспектілері. Мұражайлар мен ұқсас қоймалар жұмыстардың техникалық және ғылыми аспектілері. Құжаттама жүргізу. Мұражай ғылымы
		34	Бизнес және басқару	Бөлшек сауда. Маркетинг. Өткізу. Бұқарамен қарым-қатынас. Жылжымайтын мүлік. Қаржы. Банк және сақтандыру ісі. Бухгалтерлік іс. Аудит. Менеджмент. Мемлекеттік органдарды басқару. Мемлекеттік емес органдарды басқару. Кадрларды басқару. Хатшылық және кеңсе жұмыстары
		38	Құқық	Құқық (жалпы, халықаралық, еңбек, теңіз және басқа). Заңгерлік
4	Ғылым	42	Тіршілік туралы ғылым	Биология, ботаника, бактериология, токсикология, микробиология, зоология, энтомология, орнитология, генетика, биохимия, биофизика, емдеу-медициналық және мал дәрігерлік ғылымдарды қоспағанда басқа аралас ғылымдар
		44	Физикалық ғылымдар	Астрономия мен космология, физика, басқа аралас пәндер, химия, басқа аралас пәндер, геология, геофизика, минералогия, физикалық антропология, физикалық география және климатты, мұхитграфияны, вулканологияны, палеоэкологияны зерделеуді қоса алғанда атмосфера туралы басқа ғылымдар
		46	Математика және статистика	Математика, есептеу ғылымдары, сандық талдау, статистика және басқа аралас салалар

		48	Компьютер ісі	Компьютер ғылымы (компьютер жабдықтарын даярлау инженерлік салалар шеңберінде сыныпталуы тиіс)
5	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	52	Инженерия және инженерлік іс	Инженерлік сызу, механика, металлөңдеу, электротехника, телекоммуникация, энергетика және химиялық инженерия, көліктерге қызмет көрсету, инженерлік жобалау
		54	Өндірістік және өңдеу саласы	Тамақ өнімдері мен сусындарды, маталарды, киімдерді, аяқ киімдерді, былғары бұйымдарды, материалдарды (ағаш, қағаз, пластмасса, әйнек және т.б.) өндіру, тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру
		58	Сәулет және құрылыс	Сәулет және қала жобалау. Құрылыс жұмыстары, құрылыс. Азаматтық құрылыс
6	Ауыл шаруашылығы	62	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	Ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру және мал өсіру, агрономия, мал шаруашылығы, бақша және бақ өсіру, орман шаруашылығы, табиғи парктер, жабайы табиғат, балық аулау, балық аулау ғылымы және технология
		64	Мал дәрігерлік	Мал дәрігерлік медицинасы, мал дәрігерлік қызмет көрсету
7	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру	72	Денсаулық сақтау	Медицина. Медициналық қызметтер. Науқастарды күту
		76	Әлеуметтік қамсыздандыру	Әлеуметтік қызмет көрсетулер. Әлеуметтік жұмыс
8	Қызметтер	81	Қызмет көрсету саласы	Қонақ үй қызмет көрсетуі және тамақтану саласы, саяхат және туризм, спорт және бос уақыт, халыққа қызмет көрсету, тұрмыс туралы ғылым
		84	Көлік	Теңіз ісі. Авиация. Темір жол тасымалы. Автожол тасымалы. Почта қызметі
		85	Қоршаған ортаны қорғау	Қоршаған ортаны қорғау. Жұмыс орындарындағы техника қауіпсіздігі
		86	Қауіпсіздік қызметі	Меншікті және азаматтарды күзету. Криминалистика. Өрттен сақтау. Азаматтық қауіпсіздік. Әскери іс
9	Белгісіз немесе нақтыланбаған санат	Резерв	Резерв	Резерв

А қосымшасы
(анықтамалық)

Білім беру бағдарламаларының жіктемесі

ҚР МС 10-2002



Б қосымша
(ұсынымдық)**Білім беру сатылары жіктелерінің сипаттамалары мен талаптары****Б.1 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту – 1-деңгей, 0-саты****Б.1.1 Негізгі сипаттамалар**

0-сатысы мектепке дейінгі тәрбиені және мектеп алдындағы даярлықты қамтиды және ұйымдасқан оқытудың бастапқы кезеңі болып табылады. Бағдарламаның бұл сатысы кіші жастағы балаларға, олардың физикалық және психикалық денсаулықтарын қорғау мен нығайтуға, жеке қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ балалардың мектеп жағдайына үйренуіне арналған. Бұл бағдарламалар аяқталғаннан кейін білім беру 1-сатыда (жалпы білім беретін бастауыш) жалғастырылады.

Б.1.2 Жіктеме талаптары

Басты талаптар:

- бағдарламалардың білім беру бағыттары;
- мектепке дейінгі мекемелердің, мектептердің немесе орталықтардың базаларында, отбасында ұйымдастыру;
- балалардың ең аз жасы;
- балалардың ең жоғары жасы.

Көмекші талаптар – персоналдың біліктілігі.

Б.1.3 Бағдарлама мектептердің немесе орталықтардың базасында ұйымдастырылған жағдайда мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы болып саналады, ол бастауыш мектептер мен балалар мекемелерінде жүргізілетін жұмыстардың және үй жағдайында көрсетілетін қызметтердің арасындағы айырмашылықты анықтайды.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы үш жастан кем емес балаларға арналған, өйткені одан кіші жастағы балаларға арналған бағдарламалар білім беру талаптарын қанағаттандырмайды.

Бес (алты) жастағы балалардың мектеп алдындағы даярлықтары міндетті және мектепке дейінгі жалпы білім беретін бағдарламалар шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда немесе мектептерде жүзеге асырылады [1].

Ең жоғары жас мөлшері белгіленген (үлгілік) бастауыш мектепке түсу жасына тәуелді және 6-7 жасты құрайды.

Б.1.4 Оқытушылар құрамының педагогикалық біліктілігінің бар-жоғы туралы талаптар мектепке дейінгі тәрбиенің және оқытудың білім беру бағдарламалары үшін жанама (аралық) талаптар болып табылады. Бұл талаптар мектепке дейінгі білім берудің және балаларды күтудің арасындағы айырманы жүргізуге мүмкіндік береді.

Б.1.5 0-сатысы сондай-ақ, айрықша білім беру қажеттіліктерімен балаларды ұйымдасқан оқытуды қамтиды.

Мұндай білім беру ауруханаларда, арнайы мектептерде және оқу орталықтарында ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда ең аз жас мөлшері көрсетілмейді.

Б.2 Бастауыш жалпы білім беру – 2-деңгей, 1-саты**Б.2.1 Негізгі сипаттамалары**

1-сатының білім беру бағдарламалары орта білім берудің бірінші кезеңі болып табылады және белгіленген білім деңгейлеріне қол жеткізу және оқушыларға тиянақты базалық білім беру – оларды басқа пәндердің (тарих, география, жаратылыстану ғылымдары, өнер және музыка) элементарлық ұғымдарымен бірге оқуға, жазуға және математикаға үйрету үшін білім берудің белгілі бір сағатын көздейді.

Б.2.2 Жіктеменің талаптары

Басты талаптар:

- бастауыш білім беруге тән жүйелі оқытуды бастау, мысалы, оқу, жазу, математика.

– ең аз жас ерекшелігі.

Көмекші талаптар:

– жалпы білім беретін оқу орындарына түсу немесе бастауыш ретінде анықталған бағдарламалар бойынша оқу;

– міндетті білім берудің басталуы.

Б.2.3 Жалпы білім беретін оқу орындарына түсетін балалардың жасы 6-7 жасты құрайды.

1-сатыда оқу мерзімі – төрт жыл.

1-сатының бағдарламалары пәндер бойынша емес, негізінен білімдер сағаттарының немесе білімдер көлемінің белгілі бір саны негізінде ұйымдастырылады.

Б.2.4 Бұл саты сондай-ақ, олардың қабілеттерін іске асыру үшін балалардың қосымша дамытудың білім беру бағдарламаларын және айрықша білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламаларын, жасы бастауыш мектептерге түсуге белгіленген жастан асқандар үшін бастауыш білім берудің ұқсас бағдарламаларының мазмұндары бойынша мектеп жүйесінің шеңберінде немесе одан тыс сауаттылықты тарату бағдарламасын қамтиды.

Б.3 Негізгі жалпы білім беру – 2-денгей, 2-саты

Б.3.1 Негізгі сипаттамалары

2-денгей орта жалпы білім берудің екінші кезеңі болып табылады, педагогикалық міндет адамның бүкіл өмір бойы оқуы және оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін іргетасын қалауға негізделген, ол білім алу мүмкіндігін одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл сатыдағы бағдарламалар оқытушылардың мамандандырылуы кезінде пәндік бағдарлауды сипаттайды. Бұл сатыда базалық дағдыларды алу аяқталады. Бұл сатының аяқталуы міндетті мектептегі білім алудың аяқталуымен сәйкес келеді.

Б.3.2 Жіктеменің талаптары

Басты талаптар:

– 1-сатыға қарағанда ең білікті мұғалімдерді пайдалана отырып пәндерді оқытуды бастау;

– бүкіл өмір бойы оқыту үшін базалық дағдыларды алуды және негіздерді қалыптастыруды толық аяқтау.

Көмекші талаптар:

– бастауыш жалпы білім беруге төрт жылдан кейін түсу;

– бұл сатыны аяқтау бастауыш білім беру сәтінен бастап мектепте тоғыз жыл оқығаннан кейін келеді;

– бұл сатыны аяқтау міндетті білім берудің аяқталуымен сәйкес келеді;

– түрлі педагогтардың пәндер бойынша сабақ өткізуі.

Қосымша талаптар:

– одан әрі білім алудың немесе іспен айналысудың түрі;

– бағдарламалардың бағдары.

Б.3.3 Одан әрі білім алудың немесе іспен айналысудың түрі 2-саты бағдарламаларының 3-сатыға тікелей қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған. Бағдарламалардың бағдары – жоғары сатыда одан әрі білім алу мақсатында қатысушыларды пәнді немесе пәндердің топтарын барынша терең түсінуге әкелу. Осы санатқа жалпы бағдарлы бағдарламаларды жатқызу керек.

2-саты сондай-ақ, айрықша білім беруді қажет ететін балаларға арналған білім беру бағдарламаларын және қосымша білім беру бағдарламаларын қамтиды.

Б.4 Орта жалпы және бастауыш кәсіби білім беру – 2-денгей, 3-саты

Б.4.1 Негізгі сипаттамалары

Білім берудің бұл сатысы орта білім берудің үшінші сатысы болып табылады, оның бағдарламалары орта жалпы білім беруді аяқтауға және (немесе) бастауыш кәсіби білім

алуға, еңбек рыногында сұраныс тудырып отырған нақтылы мамандықты (кәсіпті) алуға бағытталған. Бұл сатыға түсудің ең аз жас мөлшері 15-16 жас.

Бастауыш кәсіби білім алу негізгі жалпы білім беру базасында кәсіптік мектептерде және кәсіптік лицейлерде алынады, орта жалпы білім алумен үйлеседі және еңбек қызметтерінің түрлі бағыттары бойынша кәсіби еңбек қызметкерлерін (жұмысшыларды, қызметшілерді) даярлауға бағытталады.

Кәсіби мектептегі оқу мерзімі екі-үш жылды, кәсіби мектепте – үш жылды, айрықша күрделі, сондай-ақ ерекше жабдықтарға қызмет көрсетуге байланысты мамандықтар бойынша – төрт жылға дейін құрайды.

Бастауыш кәсіптік білім беру орта жалпы білім алмай-ақ өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарында, оқыту орталықтарында және жұмысшыларды даярлайтын басқа құрылымдарда іске асырылуы мүмкін.

Бастауыш кәсіптік білім беру оқытудың қысқартылған мерзімдерімен орта жалпы білім беруге негізделуі мүмкін.

Б.4.2 Жіктемелердің талаптары

Басты талаптар:

– оқуға түсушілерге қойылатын үлгілік талаптар (1-сатының басталуынан бастап 9 жыл оқу);

– оқуға түсушілерге қойылатын ең аз талаптар (2-сатыны аяқтау).

Көмекші талаптар – 3-саты басталғаннан кейінгі жиынтық жалғасатын уақыт.

Қосымша талаптар

– мақсаты: одан әрі білім алудың немесе істің түрі;

– бағдарламаның бағдары.

Б.4.3 3-сатының градациясы мынадай:

– 3А-саты – орта жалпы білім мен бастауыш кәсіби білім алуға арналған бағдарламалар және 4 және 5-сатыларға тікелей шығуды қамтамасыз ету;

– 3В-саты – орта жалпы және бастауыш кәсіби білім алуға арналған бағдарламалар және 4 және 5-сатыларға немесе еңбек рыногына тікелей шығуды қамтамасыз ету;

– 3С-саты – орта жалпы білімі жоқ кәсіби білім бағдарламалары еңбек рыногына тікелей шығуға және 4-сатының бағдарламаларына әкеледі.

– 3D-сатысы – қосымша бастауыш кәсіби білім бағдарламасы (кадрларды даярлау немесе қайта даярлау).

Б.4.4 Орта білім беру бағдарламасының негізгі міндеті қатысушыларды одан әрі барынша жоғары сатыда білім алуға даярлау мақсатында қатысушыларды пәнді немесе пәндердің тобын барынша терең түсінуге әкелу.

Кәсіби білім бағдарламаларының негізгі міндеттері нақтылы мамандықтар немесе кәсіптер бойынша жұмыс істеуге қажетті практикалық дағдыларды қатысушылардың алуына бағытталған. Бұл бағдарламалардың табысты аяқталуы құзыретті органдар мойындайтын кәсіби мамандықтарды алуға әкеледі.

Б.4.5 3-саты айрықша талаптарды қажет ететін оқушыларға және ересектерге білім беруге арналған бағдарламаларды, қосымша кәсіптік білім бағдарламаларын (жұмысшы кадрларын даярлауды және қайта даярлауды) қамтиды.

Б.5 Орта кәсіби білім – 2-саты, 4-саты

Б.5.1 Негізгі сипаттамалары

Орта кәсіби білім колледждерде, училищелерде негізгі жалпы білім базасында, конкурстық негізде беріледі, орта жалпы білім алумен үйлеседі және орта арнаулы білімі бар мамандарды даярлауға бағытталған.

Колледжде, училищеде оқу мерзімі – үш-төрт жыл.

Орта кәсіби білім орта жалпы білім беру немесе бастауыш кәсіби білім беру базасында салалас мамандықтар бойынша, бір-екі жылдық оқу мерзімімен қысқартылған жеделдетілген бағдарламалар бойынша іске асырылуы мүмкін.

Б.5.2 Жіктеменің талаптары

ҚР МС 10-2002

Басты талаптар:

- түссуге арналған талаптар;
- түссу үшін қажетті үлгілік мамандық;
- жасы;
- оқытудың ұзақтығы.

Көмекші талаптар – 4-саты басталғаннан кейінгі жиынтық жалғасатын уақыт.

Қосымша талаптар:

- мақсаты: одан әрі білім алудың немесе істің түрі;
- бағдарламаның бағдары;
- оқыту нысаны (күндізгі, сырттай).

Б.5.3 4-сатының градациясы мынадай:

– 4А-саты – оқушыларды 5-сатыға түсуге даярлайтын немесе еңбек рыногына тікелей шығуды қамтамасыз ететін бағдарламалар;

– 4В-саты – қосымша бастауыш кәсіби білім бағдарламасы (кадрларды даярлау немесе қайта даярлау).

4В-сатысы ересектердің білім алуын қамтуы мүмкін. Мысалы, бұл сатыға компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету курсы ретінде және т.б. жұмысшылар үшін техникалық курстарды қамтуы мүмкін.

Б.6 Жоғары кәсіби білім – 3-деңгей, 5-саты

Б.6.1 Негізгі сипаттамалар

5-сатының бағдарламалары – бұл негізінен теориялық сипаттағы, ғылыми-зерттеу бағдарламаларына және біліктілік деңгейіне жоғары талаптар қойылатын мамандықтарға рұқсат алуға арналған жоғары білім беру бағдарламасы.

Бұл бағдарламаларға түсу үшін 3А немесе 3В және/немесе 4А-сатыларын табысты аяқтау талап етіледі.

Б.6.2 Жіктемелердің талаптары

Басты талаптар:

- түсу үшін қойылатын ең аз талап;
- түсу үшін қажетті үлгілік мамандық;
- алынған құжаттың түрі;
- оқудың ұзақтығы 5-сатыдан бастағанда 4 жылдан кем емес;
- жасы;
- білімнің мазмұны.

Көмекші талаптар:

- білім алу ұзақтығының теориялық жиынтығы;
- ұлттық дәрежесі және мамандық құрылымы;
- персоналдың мамандығы.

Қосымша параметрлер:

- бағдарламаның түрі;
- оқыту нысаны.

Б.6.3 5-сатының градациялары мынадай:

– 5А-саты – төрт жылдан кем емес уақыт оқитын, оны бітіргеннен кейін мамандық пен [1, 4, 5] дәрежелі “бакалавр” академиялық дәрежесі берілетін орта жалпы немесе орта кәсіптік білім негізінде жоғары оқу орындарының (университеттердің, академиялардың, институттардың) бакалавриатында іске асырылатын жоғары базалық білімнің білім беру-кәсіптік бағдарламасы және еңбек рыногына шығуға немесе 5В және 5С-сатыларының басқа бағдарламаларына жол ашылады;

– 5В-саты – төрт жылдан кем емес немесе орта арнаулы кәсіптік білім негізінде үш жылдан кем емес немесе жоғары базалық білімнен кейін бір жыл ішінде, оны бітіргеннен кейін [1, 4, 6] нақтылы мамандық бойынша “жоғары кәсіби білімді маман” мамандығын бере отырып жоғары білім туралы диплом берілетін орта жалпы білім негізінде жоғары оқу орындарында (университеттерде, академияларда, институттарда) іске асырылатын

жоғары арнаулы білімнің білім беру-кәсіптік бағдарламасы және еңбек рыногына шығуға немесе 5С және 6А мен 6В-сатыларының басқа бағдарламаларына жол ашылады;

– 5С-саты – екі жыл ішінде немесе жоғары арнаулы білім негізінде бір жыл ішінде жоғары арнаулы білім негізінде жоғары оқу орындарының (университеттердің, институттардың) в магистратураларында іске асырылатын, оны бітіргеннен кейін бір жылдан кем емес уақыт оқитын, оны бітіргеннен кейін “магистр” [1, 4, 7] академиялық дәрежесін тағайындай отырып жоғары білім туралы диплом беретін қосымша ғылыми-педогогикалық білімнің білім беру-кәсіптік бағдарламасы және еңбек рыногына шығуға немесе 6А және 6В-сатыларының бағдарламаларына жол ашылады;

– 5D-саты – кәсіби білім мен дағдыларды тереңдету, жаңа кәсіптер мен мамандықтар (мамандықты арттыру және/немесе кадрларды қайта даярлау) мақсатында білім берудің тисті ұйымдарында іске асырылатын қосымша жоғары кәсіптік білім берудің білім беру-кәсіптік бағдарламалары.

Б.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім – 4-деңгей, 6-саты

Б.7.1 Негізгі сипаттамалар

6-саты үздіксіз білім алу жүйесінің жоғары сатысы болып табылады, жоғары білікті ғылыми-педогогикалық кадрларды даярлау мақсатына ие және жеке тұлғаның кәсіптік шеберлігін ұдайы жетілдірудің жағдайын жасайды [8].

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім адамның жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін оның білімін тереңдету және кеңейту қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған [8].

Осы бағдарламаларға түсу үшін жоғары арнаулы және/немесе жоғары ғылыми-педогогикалық білім беру бағдарламаларын табысты аяқтау талап етіледі (нақтылы кәсіптер, мамандықтар бойынша негізгі білім беру-кәсіптік бағдарламалар мазмұнының міндетті мінумымын білу ([8]).

Б.7.2 Жіктемелердің талаптары

Басты талап:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған бағдар;
- диссертациялық жұмыстарды ұсыну.

Көмекші талаптар – жоғары оқу орнындарында лауазымдарды иеленуге немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға бітірушілерді даярлау.

Қосымша талаптар – оқыту нысаны.

Б.7.3 6-сатының градациясы мынадай:

– 6-саты – 5В немесе 5С-сатыларының бірін игергеннен кейін жоғары оқу орындарының ассистентурасында-тағлымдамасында жүзеге асырылатын бағдарлама, оны аяқтағаннан кейін еңбек рыногына немесе 6В-сатысының басқа бағдарламаларына шығу қамтамасыз етіледі, тағлымдамадан өту мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша екі жылдан, сырттай оқу нысаны бойынша үш жылдан аспауы тиіс;

– 6В-саты – аспирантурада жүзеге асырылатын, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың нысаны болып табылатын, оларды табысты аяқтағаннан кейін диссертация қорғайтын, тиісті дәреже тағайындалатын және еңбек рыногы мен 6С-сатысының бағдарламаларына шығуды қамтамасыз ететін бағдарламалар, аспирантурада оқу мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша үш жылдан, сырттай оқу нысаны бойынша төрт жылдан, магистр дәрежесі бар тұлғалар тиісінше екі және үш жылдан аспауы тиіс;

– 6С-саты – докторантурада жүзеге асырылатын, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың нысаны болып табылатын, оларды табысты аяқтағаннан кейін диссертация қорғайтын, тиісті дәреже тағайындалатын және еңбек рыногы мен 6С-сатысының бағдарламаларына шығуды қамтамасыз ететін бағдарламалар, докторантурада болу мерзімі үш жылдан аспауы тиіс.

Білім беру сатылары жіктемелерінің талаптары Б.1-кестеде келтірілген.

Б.1-кесте – Білім беру сатылары жіктелерінің талаптары

Деңгейдің коды	Деңгейдің атауы	Сатының коды	Сатының атауы	Жіктелердің талаптары		
				негізгі	көмекші	қосымша
1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0	Мектепке дейінгі тәрбие, мектеп алдындағы даярлық	Білім беру сипаттамалары. Отбасында, мектептің немесе орталықтың басасында. Балалардың ең аз жасы. Балалардың ең жоғары жасы	Персоналдың біліктілігі	Жоқ
2	Орта білім	1	Бастауыш жалпы	Оқуға, жазуға және математикаға жүйелі оқытудың басы	Бастауыш оқу орнына түсу. Міндетті білім берудің басталуы	Жоқ
		2	Негізгі жалпы	Пәнді баяндау. Базалық дағдыларды толық игеру және бүкіл өмір бойы оқу үшін базалық дағдыларды игеру. Оқытушылардың біліктілігі	Бастауыш оқу орнына шамамен 4 жылдан кейін түсу. Бастауыш білім алуды бастаған сәттен бастап 9 жыл оқығаннан кейін білім алу циклін аяқтау. Міндетті білім алуды аяқтау. Бірнеше мұғалім өздерінің маманданған салалары бойынша сынып сабақтарын өткізеді	Одан кейінгі білім алудың немесе істің түрі. Бағдарламалардың бағдары
		3	Орта жалпы және бастауыш кәсіптік	Түсу үшін қойылатын ең аз талаптар	3-сатыдан кейінгі ұзақтықтың жиынтығы	Бұдан әрі алатын білімнің немесе істің түрі. Бағдарламалардың бағдары
		4	Орта кәсіптік	Түсу үшін қойылатын ең аз талаптар. Түсу үшін қажетті үлгілік мамандықтар. Жасы. Оқытудың ұзақтығы	4-сатыдан кейінгі ұзақтықтың жиынтығы	Бұдан әрі алатын білімнің немесе істің түрі. Бағдарламалардың бағдары. Оқу нысаны
3	Жоғары кәсіптік білім	5	Базалық, арнаулы және ғылыми-педагогикалық	Түсу үшін қойылатын ең аз талаптар. Түсу үшін қажетті үлгілік мамандықтар. Алған құжаттың түрі.	Білім беру ұзақтығының теориялық жиынтығы. Ұлттық дәрежесі және мамандықтың құрылымы.	Бағдарламалардың түрі. Оқу нысаны

				Оқытудың ұзақтығы. Жасы. Білім берудің мазмұны	Персоналдың біліктілігі	
4	Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім	6	Жоғары оқу орнынан кейінгі (аспирантура, докторантура)	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағдарлану. Диссертациялық жұмыстарды ұсыну	Жоғары оқу орнында лауазымдарға оранласу немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін бітірушілерді даярлау	Оқыту нысаны

В қосымшасы
(анықтамалық)
Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің
жіктемелік схемасы

Денгейі
Сағасы

Жасы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ		1	0
3-5	Мектепке дейінгі тәрбие (отбасы, балабақшалар, балалар ясли)		
5-6	Мектеп алдындағы даярлық 1 жыл (отбасы, балабақшалар, жалпы білім беретін мектептер)		
↓			
6-7	Бастауыш жалпы білім беру (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, бастауыш мектептердің 1-4-сыныптары)		1
10-11	Негізгі жалпы білім беру (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, негізгі мектептердің 5-9-сыныптары)		2
↓			
ОРТА БІЛІМ БЕРУ		2	
17-18	Жалпы	Кәсіби	
18(19)	жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназиялар, 10-11(12) сыныптар	3-4 ж. Кәсіп. мектеп, Кәсіп. лицей 1-2 ж. 1-2 ж.	Колледждер 2-3 (4) ж. жалпы білім беретін мектептен кейін; бастауыш кәсіптік білімнен кейін 1 жыл
↓			
ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ		3	5
17-18	Арнаулы	Базалық	
21-22	(Дипломды маман) университеттер, академиялар, институттар	(Бакалавр) ун-ттер, академиялар, ин-тар	
↓			
22-23	ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ (Магистр) университеттер, академиялар –1-2ж.		
↓			
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІН КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ		4	6
Аспирантура (университеттер, академиялар, ҒЗИ – 2-3 ж.)			
Докторантура (университеттер, академиялар, ҒЗИ – 2-3 ж.)			

Г қосымшасы

(анықтамалық)

Деңгейлер және сатылар бойынша білім беру жіктемесінің схемасы

1	Дегейі	Сатысы	0	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту						
			0А	Мектепке дейінгі тәрбие	0В	Мектеп алдындағы даярлық				
2	Дегейі	Сатысы	1	Бастауыш жалпы білім беру						
			1А	Бастауыш жалпы	1В	Қосымша жалпы				
			2	Негізгі жалпы білім беру						
			2А	Негізгі жалпы	2В	Қосымша жалпы				
			3	Орта жалпы және бастауыш кәсіби білім беру						
			3А	Жалпы орта	3В	Жалпы орта және жалпы орта және бастауыш	3С	Орта білімсіз бастауыш кәсіби білім	3D	қосымша бастауыш кәсіби білім
			4	Орта кәсіби білім беру						
			4А	Жалпы	4В	қосымша				
			3	Дегейі	Сатысы	5	Жоғары кәсіби білім беру			
						5А	Базалық (бакалавриат)	5В	Арнаулы	5С
6	Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру									
4	Дегейі	Сатысы	6А	Ассистентура-тағлымдама	6В	Докторантура	6С	Аспирантура		

Д қосымша
(анықтамалық)

Библиография

- [1] 2001 ж. 11 маусымдағы №207 өзгерістерімен “Білім туралы” 1999 ж. 7 маусымдағы №389-1 Қазақстан Республикасының Заңы
- [2] “Стандартау туралы” 1999 ж. шілдедегі №433-1 Қазақстан Республикасының Заңы
- [3] БЖХС-1997 Білім беруді жіктеудің халықаралық стандарты
- [4] “Жоғары кәсіптік білім берудің көп салалы құрылымы туралы ереже” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 2 желтоқсандағы №1845 қаулысы
- [5] “Базалық жоғары білім (бакалавриат) туралы ереже” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 ж. 1 қарашадағы №1034 бұйрығы
- [6] “Жоғары арнаулы білім туралы ереже” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 ж. 1 қарашадағы №1036 бұйрығы
- [7] “Жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ереже” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 ж. 1 қарашадағы №1035 бұйрығы
- [8] “Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім туралы ереже” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 ж. 6 желтоқсандағы №1134 бұйрығы

ӘОС

СМС

Т

Түйінді сөздер: білім, жіктеме, оқыту, білім деңгейі, білім беру сатысы, білім беру процесі, жіктеме жүйесі, жіктеме талаптары, бағдарлама

Ескертулер үшін



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КЛАССИФИКАТОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КЛАССИФИКАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

ГК РК 10 - 2002

Издание официальное

**Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Павлодарским университетом **ВНЕСЕН** Министерством образования и науки Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 29 декабря 2002 г. № 516

**3 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2008 год
5 лет**

4 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий классификатор не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения Комитетом по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Определения	1
4	Общие положения	2
5	Структура классификатора	3
5.1	Структура классификатора образования по уровням и ступеням	3
5.2	Структура классификатора образования по областям	4
6	Ведение классификатора	4
7	Классификатор образования	5
7.1	Классификатор образования по уровням и ступеням	5
7.2	Классификатор образования по областям	5
Приложение А	Классификация образовательных программ	8
Приложение Б	Характеристики и критерии классификации ступеней образования	9
Приложение В	Классификационная схема структуры системы образования Республики Казахстан	16
Приложение Г	Схема классификации образования по уровням и ступеням	17
Приложение Д	Библиография	18

КЛАССИФИКАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Дата введения 2004.01.01

1 Область применения

Настоящий Классификатор устанавливает государственную классификацию образования в Республике Казахстан (далее – Классификатор) и используется для систематизации непрерывного процесса образования, преемственности его уровней и ступеней, а также в разработке Государственных общеобязательных стандартов соответствующих уровней образования, нормативных документов, определяющих подготовку в организациях образования.

